

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнайгаз ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

Умерсерик Бибінұр Ерiмбетқызы

Бұршак дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар  
этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін бағалау

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B070100—«Биотехнология»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті


Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнайгаз ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ**

ХжБИ кафедрасы

меңгерушісі, PhD докторы

 А.А.Амитова  
«30» 05 2022ж.

## ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Бұршақ дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін бағалау»

5B070100—«Биотехнология» мамандығы бойынша

Орындаған

Умерсерик Б.Е.


Пікір беруші

Ғылыми жетекші, хим.ғыл.

хим. ғыл. канд., лектор

канд, ассистент проф

 Рахметуллаева Р.Қ.

 Керимкулова А.Ж.

«25» 05 2022ж.

«25» 05 2022ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнайгаз ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

Умерсерик Бибінұр Ерімбетқызы

Бұршақ дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар  
этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін бағалау

### **ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B070100—«Биотехнология»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті


Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнайгаз ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ**

ХжБИ кафедрасы

менгерушісі, PhD докторы

 А.А.Амитова

«30» 05 2022ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Бұршақ дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін бағалау»

5B070100—«Биотехнология» мамандығы бойынша


Орындаған


Умерсерик Б.Е.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші, хим.ғыл.  
канд, ассистент проф

хим. ғыл. канд., лектор

 Керимкулова А.Ж.

 Рахметуллаева Р.Қ.

«25» 05 2022ж.

«25» 05 2022ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнайгаз ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

5B070100—«Биотехнология»

**БЕКІТЕМІН**

ХЖБИ кафедрасы  
меңгерушісі, PhD докторы

А.А.Амитова  
«30» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаны даярлауға  
**ТАПСЫРМА**

Студент Умерсерик Бибінұр Ерiмбетқызы

Жұмыстың тақырыбы: Бұршақ дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін бағалау

Университеттің № 489-П/Ө «24» желтоқсан 2021 ж. бұйырығымен бекітілген

Орындалған жобаның өткізу мерзімі « 25 » сәуір 2022  
Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: а) Соя өсімдігінің күміс иондары бар этилендиаминдиянтарь қышқылы қосылған топырақта өсуі мен дамуын зерттеу; ә) Соя өсімдігінің өсуі мен дамуына әсер ететін факторларды зерттеу; б) Соя өсімдігінің ауруларға төзімділігін зерттеу және соя өсімдігінің өсуіне этилендиаминдиянтарь қышқылының әсерін зерттеу

Есеп-түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен диплом жобасының қысқаша мазмұны

- а) Әдеби шолу
- ә) Әдістер мен жұмысты орындау барысы
- б) Алынған нәтижелерді талдау

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген) 12 слайд

Ұсынылған негізгі әдебиеттер 25 әдебиеттерден тұрады

# Дипломдық жобаны даярлау

## КЕСТЕСІ

| Бөлім атаулары,<br>дайындалатын<br>сұрақтардың тізімі | Ғылыми жетекшіге,<br>кеңесшілерге өткізу мерзімі | Ескерту           |
|-------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|-------------------|
| Әдеби шолу                                            | 25.12.2021 ж                                     | <i>Орындалған</i> |
| Әдістер мен жұмысты<br>орындау барысы                 | 12.01.2022-20.03.2022ж                           | <i>Орындалған</i> |
| Алынған нәтижелерді<br>талдау                         | 25.03.2022-08.04.2022ж                           | <i>Орындалған</i> |
| Графикалық бөлім                                      | 10.04.2022 ж                                     | <i>Орындалған</i> |

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты  
бөлімдерінің кеңесшілері мен қалып бақылаушының  
**қолтаңбалары**

| Бөлімдер атауы                           | Ғылыми жетекші, кеңесшілер<br>(аты-жөні, тегі, ғылыми<br>дәрежесі, атағы) | Қолтаңба<br>қойылған<br>мерзімі | Қолы      |
|------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|-----------|
| Әдістер мен<br>жұмысты<br>орындау барысы | А.Ж. Керимкулова, хим. ғыл.<br>канд.,<br>ассистент профессор              | 20.05.22                        | <i>АЖ</i> |
| Алынған<br>нәтижелерді<br>талдау         | А.Ж. Керимкулова, хим. ғыл.<br>канд.,<br>ассистент профессор              | 20.05.22                        | <i>АЖ</i> |
| Қалып<br>бақылаушы                       | А.Ж. Керимкулова, хим. ғыл.<br>канд.,<br>ассистент профессор              | 20.05.22                        | <i>АЖ</i> |

Ғылыми жетекшісі *АЖ* А.Ж. Керимкулова

Тапсырманы орындауға алған студент *Б.Е.* Б.Е. Умерсерик

Күні «24» желтоқсан 2021 ж.

## АНДАТПА

Бұршақ дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін бағалау.

Бұршақ дақылына жататын соя тұқымдасына күміс ионы енгізілген этилендиаминдиянтарь қышқылының әсері. Бұршақ дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін зерттеу. Күміс ионы бар этилендиаминдиянтарь қышқылының соя дақылының өсуіне қандай әсер ететінін зерттеу; күміс ионы мен этилендиаминдиянтарь қышқылын дайындау, соя дақылдарын егу; күміс ионы бар этилендиаминдиянтарь қышқылымен өскен соя дақылдарының өсіп-жетілуін, вегетативті және репродуктивті мүшелерінің дамуын анықтау; Этилендиаминдиянтарь қышқылы мен күміс ионының комплексін зерттеу;

*Түйінді сөздер:* Этилендиаминдиянтарь қышқылы, күміс ионы, соя бұршағы.

«Бұршақ дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін бағалау» атты дипломдық жұмыс қағаз түрінде 30 беттен тұрады. Дипломдық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, 6 суреттен және 3 кестеден, 25 атаудан тұратын ғылыми мақалалар мен оқу құралдары көрсетілген тізімнен тұрады.

## АННОТАЦИЯ

Оценка влияния комплекса ионов серебра с этилендиаминдиантарной кислотой (ЭДДЯК) на рост и развитие бобовых культур.

Влияние этилендиаминдиантарной кислоты с добавкой ионов серебра на сою, относящуюся к культуре гороха. Изучена влияние комплекса этилендиаминдиантарной кислоты (ЭДДЯК) с ионами серебра на рост и развитие бобовых культур. Изучена влияния этилендиаминдиантарной кислоты с ионами серебра на рост сои; получены ионы серебра и этилендиаминовых кислот; для определения роста и развития сои, развития вегетативных и репродуктивных органов этилендиаминдиантарной кислотой, содержащей ионы серебра; исследование комплекса этилендиаминдиантарной кислоты и ионов серебра;

*Ключевые слова:* этилендиаминдиантарная кислота, ионы серебра, соевые бобы.

Дипломная работа "Оценка влияния комплекса этилендиаминдиантарной кислоты (ЭДДЯК) с ионами серебра на рост и развитие бобовых культур" состоит из 30 страниц. Диссертация состоит из введения, 3 глав, заключения, 6 рисунков и 3 таблиц, списка из 25 научных статей и учебников.

## ANNOTATION

Evaluation of the effect of silver ions ethylenediamindyanaric acid (EDDA) complex on the growth and development of legumes.

The effect of ethylenediamindyantaric acid with the addition of silver ions in soybeans belonging to the pea crop. To study the effect of ethylenediaminidian acid (EDDA) complex with silver ions on the growth and development of legumes. Study of the effect of ethylenediamine acid with silver ions on the growth of soybeans; Preparation of silver ions and ethylenediamine acids; Titration of solutions and sowing of soybeans; To determine the growth and development of soybeans, the development of vegetative and reproductive organs with ethylenediamindic acid containing silver ions; Study of the complex of ethylenediamindyantaric acid and silver ions;

*Keywords:* Ethylenediamine dianaric acid, silver ions, soybeans.

Thesis "Assessment of the effect of ethylenediamine dehydric acid (EDDA) complex with silver ions on the growth and development of legumes" consists of 30 pages. Thesis consists of an introduction, 3 chapters, conclusion, 6 figures and 3 tables, a list of 25 scientific articles and textbooks.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                 |    |
|---------------------------------------------------------------------------------|----|
| Кіріспе .....                                                                   | 9  |
| 1 Әдеби шолу.....                                                               | 10 |
| 1.2 Бұршақ дақылдары туралы жалпы сипаттама.....                                | 10 |
| 1.3 Бұршақ тұқымдасына жататын соя бұршағының ауыл шаруашылығындағы маңызы..... | 10 |
| 1.3.1 Соя дақылдарының биологиялық ерекшелігі және химиялық құрамы.....         | 12 |
| 1.3.2 Соя дақылдарында кездесетін аурулар.....                                  | 13 |
| 1.3.3 Бұршақ тұқымдасының өсуіне әсер ететін орта.....                          | 15 |
| 1.4 Этилендиамин-диянтарь қышқылының құрылымы мен қасиеттері.....               | 15 |
| 1.4.1 Этилендиаминдиянтарь қышқылының қолданылуы.....                           | 16 |
| 2 Эксперименттік бөлім.....                                                     | 17 |
| 2.1 Зерттеуде қолданылған материалдар.....                                      | 17 |
| 2.2 Зерттеу әдістері.....                                                       | 19 |
| 2.2.1 Соя бұршақтарын топыраққа егу әдісі.....                                  | 20 |
| 2.2.2 Соя бұршақтарын рулондық әдіс бойынша зерттеу .....                       | 20 |
| 3 Зерттеу нәтижелерін талқылау.....                                             | 21 |
| 3.1 Этилендиаминдиянтарь қышқылы мен күміс ионының комплексін зерттеу .....     | 23 |
| 3.2 Соя бұршағын зертханалық жағдайда ауруларын анықтау.....                    | 25 |
| Қорытынды.....                                                                  | 27 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....                                            | 28 |

## КІРІСПЕ

*Жұмыстың өзектілігі.* Ауылшаруашылығына және мемлекетіміздің әлеуметтік саласының дамуына үлес қосатын сояның тұқымын себу алды өңдеу шаралары ауылшаруашылық дақылдарында кездесетін ауру тудырушы қоздырғыштардың даму динамикасын төмендетіп, тұқымды қосымша қорек затымен толықтырады, осыған орай, күміс бар этилендиаминдиянтарь қышқылымен себу алды өңдеу жүргізу арқылы ауылшаруашылық дақылдарының өнім беру динамикасы, қоректік заттарының артуы, тұқымды сақтау мерзімінің де жоғарылауы бүгінгі таңда өзекті болып табылады.

*Зерттеудің мақсаты.* Бұршақ дақылдарының өсуі мен дамуына күміс иондары бар этилендиаминдиянтарь қышқылы (EDDA) кешенінің әсерін зерттеу.

*Зерттеудің нәтижелері:*

- Күміс ионы бар этилендиаминдиянтарь қышқылының соя дақылының өсуіне қандай әсер ететінін зерттелді;
- Күміс ионы мен этилендиаминдиянтарь қышқылын дайындалды;
- Ерітінділерді титрлеп, соя дақылдарын егілді;
- Күміс ионы бар этилендиаминдиянтарь қышқылымен өскен соя дақылдарының өсіп-жетілуін, вегетативті және репродуктивті мүшелерінің дамуын анықталды;
- Этилендиаминдиянтарь қышқылы мен күміс ионының комплексін зерттелді;

# 1 ӘДЕБИ ШОЛУ

## 1.1 Бұршақ дақылдары туралы жалпы сипаттама

Бұршақ дақылдары-гүлді өсімдіктердің ең үлкен және маңызды бөлігінің бірі, оның ішінде 650-ден 750-ге дейін дәнді дақылдар, ал шөптесін дақылдардың 18000-нан 19000-ға дейін түрлері өрмелейтін өсімдіктер, бұталар мен ағаштар. Бұршақ дақылдары төрт түрге бөлінеді: caesalpinioideae (2800 түрі), mimosoideae (2900 түрі), papilionoideae (14000 түрі ) және swartzioideae (80 түрі). Бұршақ дақылдары адамдар мен жануарларға тамақ ретінде пайдалы, сонымен қатар топырақты жақсартатын ауылшаруашылық компоненттері мен агроорманмелиорациясы. Жиі қолданылатын бұршақ тұқымдастарға жоңышқа, бұршақ, беде, сиыр бұршақтары, бұршіктер, жасымық, маш бұршақтары, жержаңғақ, бұршақ, көгершін бұршақтары, соя және ветчина кіреді.

Бұршақты тұтыну тарихта адам өсіретін ең алғашқы өсімдіктер болып саналады. Ежелгі Египеттің ауылшаруашылық жүйелерінің құрамдас бөлігі жасымық болды, ал Фаба бұршақтары кітаптарда айтылған. Түркиядағы неолит дәуіріндегі (б.з. д. 7000-8000 ж. ж.) күйдірілген бұршақ, жасымық және вики тұқымдары табылды. Швейцарияда б.з.д. 4000-5000 жылдар аралығында өмір сүрген тұрғындар бұршақ (Pisum түрі) және ергежейлі дала бұршақтарын өсірді. Қытайда фермерлер сояны б. з. д. 2000-3000 жылдар аралығында өсіре бастады. Бұршақ, соя және негізгі дақылдар Америкада және Азияда 3000 жылдан астам уақыт бұрын өсірілген. Римдіктер б.з.д. 37 жылдан бастап жайылымдарда және топырақты жақсарту үшін бұршақ дақылдарын қолданған[3].

Бұршақ қоректік заттардың (акуыз, крахмал, минералдар мен дәрумендер) және денсаулықты қорғайтын маңызды қосылыстардың (фенол қосылыстары, инозит фосфаттары және олиго-сахаридтер) ең бай көзі болып табылады. Бұршақ акуыздары бірнеше мың нақты акуыздардан тұрады. Бұршақ тұқымындағы шикі акуыздың 70-80% - ы сақтауға арналған акуыз. Бұршақ тұқымдары даму процесінде көп мөлшерде акуыз жинайды. Негізгі акуыз фракциялары-альбумин және глобулин. Альбумин фракциясы жақсы теңдестірілген аминқышқылдарының құрамына ие және құрамында күкірт бар аминқышқылдарына (метионин және цистеин) бай, ал глобулин фракциялары аминқышқылдарының құрамы, акуыз бөлімдерінің молекулалық массасы және физика-химиялық қасиеттері бойынша ерекшеленеді. Акуыздар бұршақта 20% - ға дейін, соя мен люпинде 40% - ға дейін болады. Акуыз лизинге бай, сондықтан лизин балансында дәнді дақылдарды толықтырады[5].

## 1.2 Бұршақ тұқымдасына жататын соя бұршағының ауыл шаруашылығындағы маңызы

Соя (Glycine max (L.) Merr.) негізгі әлемдік шикізат тауары және әлемде өндірілетін жетекші майлы дақыл болып табылады. Бұл көптеген

азық-түлік, жем және өнеркәсіптік өнімдердің ажырамас бөлігі. Негізінен крахмалдан тұратын жүгері тұқымдарымен салыстырғанда соя ақуыз және майдың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Соя өсімдік майы мен ақуызды әлемдік тұтынудың 60% - дан астамын құрайды және көлемі бойынша төртінші ірі егістік дақыл болып табылады. Соя генетикалық әлеуетінің үнемі өсуі өсімдік ақуызы мен майға деген жаһандық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін өте маңызды, өйткені жан басына шаққандағы соя тұтыну 2029 жылға қарай 17% - ға артады деп болжануда. Осылайша, соя өнімділігінің үздіксіз өсуі өндірушілер мен мал өсірушілер үшін ғана емес, сонымен қатар тұтынушылар үшін де, ауыл шаруашылығының жаһандық тұрақтылығы үшін де маңызды[2].

Қазақстанда соя өндірісін өсіруге үлкен қызығушылық тудырды. Сондықтан соя өндірісі біздің елімізде перспективалы шаруашылыққа айналды және ауыл шаруашылығын әртараптандыру бағдарламасына енді. Республикада егіс алқаптарының көлемі шамамен 140 мың га құрайды. 2021 жылға қарай ол 245,4 мың га дейін өсті. Бұл ретте Қазақстанда сояның шығымдылығы 18-21 ц/га құрайды, әлемде бұл көрсеткіш 27,6 ц / га шегінде ауытқиды.

Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру қазіргі адамзат қоғамдарының құрылуына әкелді. Бұл жақсартулар бүгінгі күнге дейін жалғасуда, өйткені одан да тұрақты агротехникалық әдістерді қолдана отырып, аз гектардан көбірек өнім алу қажет. Әрі қарай жетістікке жету үшін өсімдіктер биологиясы қауымдастығының біршама жетістіктер қажет. Осы мақсатқа жету үшін дақылдардың өнімділігінің физиологиясын түсіну генетикалық, молекулалық немесе биохимиялық білімді дақылдардың өнімділігін қалыптастырудың физиологиялық процестерін жақсарту үшін қажет. Бұл физиологиялық процестерге әсер ететін мақсатты гендер қажет геномды редакциялау сияқты нақты іріктеу әдістері үшін ерекше маңызды[6].

Соя жылу сүйгіш өсімдік, тұқымы 8-10°C температура жағдайында өне бастайды, ал бірақ тұқым түскен тереңдіктегі топырақ температурасы 16-18°C болған жағдайда, ол біркелкі және тез өнеді. Вегетациялық өсу кезеңі сорттарға байланысты әр түрлі 110 күннен 140 күнге дейін ауытқиды. Соя өсіп өну кезеңінде ылғалды өте көп қажет етеді, ол әсіресе вегетациясының екінші кезеңінде байқалады. Егер дақылды гүлдену кезінде суармаса, оның өнімділігі бірден төмендейді. Сондықтан өсіру технологиясының барлық операциялары дұрыс орындалған жағдайда, соя тұқымының өнімділігі 35-40 ц/га дейін жетеді. Негізгі биологиялық ерекшелігі, ол жылу көзіне деген жоғары тәуелділік. Тұқымның өніп шығуы  $t +8+10^{\circ}\text{C}$  болғанда басталады. Гүлдеу және пісу кезеңіндегі ең қолайлы температура  $+18+22^{\circ}\text{C}$ . Топырақ температурасы  $+10+12^{\circ}\text{C}$ -қа жеткенде, соя тұқымы еккен соң 5-6 күннен кейін өніп шығады. Жылуға қояр талабы. Оның тұқымы топырақ қыртысының температурасы  $6-7^{\circ}\text{C}$  болғанда өне бастайды. Бірақ, жылынбаған топыраққа сіңірілсе, оның тұқымы көпке дейін өніп шықпайды да, содан шірі бастайды, әр түрлі ауруларға шалдығады, көгі сирек болып өседі.

Тұқым сіңіру тереңдігіндегі топырақ температурасы жоғарылаған сайын сояның шығуы да тездейді. Егер тұқым сіңіру тереңдігіндегі топырақтың температурасы 10-12°C болса, ол 10-12 күнде, ал 18-20°C болса —6-7 күнде көктеп шығады. Себілген тұқымның көктеп шығуына ең қолайлы температура 20-21°C шамасында болса, гүлдену кезеңінде —22-23°C, пісу кезінде 18-20°C болуы керек. Сояның өсукезінде қажетті температура жиынтығы ерте және орташа пісетін сорттар үшін 1500-2000°C, ал кеш пісетін сорттар үшін 2000-3000°C болады[12].

### **1.3 Соя дақылдарының биологиялық ерекшелігі және химиялық құрамы**

Соя дәнінің өнуі үшін құрғақ салмағынан 130-160% ылғал болуы керек, ал көктеп шыққан соңгүлденгенге дейінгі суға деген мұқтаждығы онша жоғары емес, сондықтан азғана күндік құрғақшылыққа төзеді. Вегетация бойынша 1 га өсімдік 3200-5500м<sup>3</sup> орташа су шығындайды. Ылғалды ең көп қажет ететін мезгілі — гүлдену мен дәндену кезеңі. Бұл кезде топырақта ылғал жеткіліксіз болса, сояның өнімі 50%-ға не оданда көпке төмендейді. Сондай-ақ топырақтың тамыр орналасқан аймағының артық ылғалдануы да өнімді төмендетеді.

Мәденилендірілген сояның негізгі отаны Қытай болып табылады. Сояны мәденилендіру уақыты біздің эрамызға дейінгі 15 және 11 ғасырлар аралығы. Еурапада мәденилендірілген сояның пайда болуы 16-17 ғасырларға сәйкес келеді, ал 1975 жылы Солтүстік Америкаға жерлестірілген. Оңтүстік және Орталық Америка халықтары 19 ғасырдан бастап мәдени сояны пайдалана бастады. Қазіргі ауылшаруашылығындағы әлем бойынша ең кең таралған мәденилендірілген сояның түрі *Glycine Max (L) Merril* болып табылады. Оның құрамында белоктың мөлшері 40%, 35% крахмал, 20% май және 5% күл элементтері кездеседі. Сояның құрамындағы белок ең сапалы және амин қышқылдарының ең маңызды көзі болып табылатын лизин және треонин амин қышқылдарынан тұрады.

Ауылшаруашылығы дақылдарының ішінде соя дақылы өнімділігі бойынша Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығыс аймақтарында бәсекелестікке қабілетті дақыл болып саналады. Соя дақылы өзінің пайдалы қасиеттерімен әлемдік егіншілікте кең көлемде таралған ауылшаруашылық дақылдарға жатады. Сонымен қатар, азықты, жемшөптік, техникалық мақсаттарда қолданыла отырып, халық шаруашылығында үлкен маңызға ие болды. Соя дәнінің құрамында 35-42% жоғары сапалы аминқышқылдарынан тұратын белок, 17-24% май және 30%-ға дейін көмірсутектер кездеседі.

Соя агротехникалық жағынан азотжинаушы дақылға жатады. Орташа ылғал жағдайында топырақ құрамына айтарлықтай мөлшерде азот жинап (20-45 кг/га), астық және басқа дақылдар үшін ең жақсы алғы дақыл болып саналады. Соя тамырындығы түйнек бактериялары арқылы атмосфералық азотты жинап, өзінің 40-70 % азот қажеттілігін қанағаттандыра алады. Тамыр

жүйесінің белсенді сіңіру қасиеті болғандықтан, соя топырақтың жыртылған қабатымен қатар терең қабаттардағы нашар еритін және қолжетімсіз минералдық элементтерді пайдалана алады. Соя дақылы жасыл тыңайтқыш ретінде де көптеп қолданылады. Соя-тамыр жүйесіндегі түйнек бактериялары арқылы сіңіру қасиетінің жоғары болуымен, өнім қалыптастыруға көптеген қоректік элементтерді пайдалана алуы және өсімдіктің даму фазаларында қоректік элементтерді әркелкі пайдалануымен басқа бұршақ тұқымдас дақылдардан ерекшеленеді. Сондықтан соя дәнінде белок мөлшері жоғары. Көптеген зерттеушілердің жинаған мәліметтері бойынша, 1 т дәндік өнім алу үшін 80-100 кг азот, 20-35 кг фосфор, 30-45 кг калий қажет етеді.

Соя дақылының арнайы вегетациялық кезеңдеріне жүргізілген тәжірибелер негізінде өсімдіктің қоректенуін 3 кезеңге бөлуге болады: бірінші I-IV органогенез этапы, мұнда өсімдіктің тамыр жүйесі, түйнек бактериялары мен жасыл массасының жақсы дамуы үшін фосфор, кальций, кобальт және молибден элементтерінің қажеттілігі мен азоттан фосфор элементі мөлшерінің жоғары болуы өте маңызды; екінші V-VIII органогенез этапы, азот, фосфор, күкірт және магний элементтеріне қажеттіліктің артуы. Сол арқылы минералды тыңайтқыштардың мөлшері дақылдың биологиялық ерекшеліктеріне байланысты әр кезеңде пайдалану ерекшеліктерін есепке ала отырып жоспарланады.

Өсімдіктердің өсуі мен дамуы олардың тіршілік ету дәуіріндегі маңызды көріністері болып есептеледі. Өсу мен даму бір - бірімен тығыз байланысты. Тұқымның даму, жетілу және қалыптасу процесінің заңдылықтарын зерттеу өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясы салаларының негізгі мәселелерінің бірі. Тұқым өсімдіктер үшін генеративті құрылым болып табылады. Көптеген өсімдіктердің өсіп-даму дәуірі тұқымның өнуінен басталады.

#### **1.4 Соя дақылдарында кездесетін аурулар**

Қазіргі кездегі жалпылама мойындалған өсімдік ауруларының анықтамасы фитопатогеннің немесе ортаның қолайсыз жағдайларының әсерінен өсімдік клеткасының, мүшесінің және тұтас ағзасының қалыпты зат алмасу үрдісінің бұзылуы өсімдік ауруы деп аталады.

Өсімдік ағзасындағы зат алмасу үрдісінің бұзылу сипаты әрқилы болуы мүмкін: фотосинтез бен ферментативтік үрдістердің бұзылуы, клетка мембраналарының өзгергіштігі мен осмостық қысымның бұзылуы, тыныс алу және көмірсулар алмасуының бұзылуы және т.б. Бұлардың қай-қайсысы да ұлпалардың, мүшелердің немесе тұтас өсімдіктердің анатомиялық және морфологиялық өзгерістерін туындатады, нәтижесінде дақыл өнімінің мөлшері және оның сапасы төмендеп кетеді. Сонымен, өсімдік бойындағы экологиялық стресс –бұл интегралды (яғни, бірінғай) өсімдік ағзасының зиянды әсерге жауабы және ол қорғаныс жүйелерін жұмылдыруға бағытталған. Қолайсыз экологиялық факторлардың әсерінен жасуша ішіндегі оттегінің белсенді түрлерінің (ОБТ) түзілуі жоғарылап, оның үлкен

мөлшері өсімдік ағзасының тіршілігін жоюына, бұл әртүрлі жасушалық зақымдануларға (ДНК, ақуыз, липидтер, мембраналар өткізгіштігінің зақымдануына) әкелуі мүмкін. Басқаша айтқанда, бұл тотығу стресінің пайда болуына әкеледі.

Аурулардың айқындалу белгілері немесе симптомдары оларды туындататын себептеріне және аурудың өсімдік ағзасына әсер етуіне байланысты. Ауру қоздырғышы өсімдік ағзасына тұтас тарамай өсімдік ұлпасының шектеулі бір учаскесінде жіктелуі мүмкін. Мұндай жағдайда ауру жергілікті немесе локальды сипатта болады. Ал егер ауру қоздырғышы өсімдіктің түтікті жүйесін залалдаса немесе өсімдік ағзасының бойында ұлпаларына тараса ауру жалпы немесе диффузиялы деп аталады. Ауру белгілерін (симптомдарын) білу, олардың туындау себептерін түсіндіре білуге және ауруды бастапқы кезінен тануға мүмкіндік береді.

Табиғатта жиі кездесетін өсімдік ауруларының белгілері: дақтар - өсімдіктің әртүрлі мүшелерінің бойында залалданған ұлпалар клеткасының өліп, хлорофилдерін жоғалту салдарынан болады. Өсімдік бойына дақ түсуінің себебі ауру қоздырғыштарының (вирус, бактерия, саңырауқұлақтар) немесе ортаның қолайсыз жағдайларының әсерінен болады. Ауруды анықтау үшін дақтың түсіне, мөлшеріне, пішініне, өсімдіктің немесе оның мүшелерінің бойында орналасқан жеріне және түзілу динамикасына көңіл аудау қажет. Көбіне аурулардың өздеріне тән дақ ерекшеліктері болады. Мысалы қызылшаның церкоспороз, бидайдың септориоз немесе тат ауруларының өздеріне тән айқындалу дақтары болады.

Солу - өсімдіктің жеке мүшелерінің немесе ағзасының тұтасымен тургорлық күйін жоғалтуы, одан соң және десаңырауқұлақтармен, бактериялармен немесе қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларының салдарынан өсімдік тамырының немесе өткізгіш ұлпаның зақымдануы. Инфекциялық солу нәтижесінде сабақтың немесе жапырақтың өткізгіш түтікшелерінің қараюын байқауға болады.

Өңез - бұл тек саңырауқұлақтар қоздыратын ауруларға ғана тән белгі. Дақтардың, кейдесырт көзгесау өсімдіктердің бетінде саңырауқұлақтардың мицелийлері және түкті немесе мақта тәрізді спора түзілімдері түзіледі. Саңырауқұлақ түріне байланысты өңез ақ, қызыл, сары, боз, қоңыр, қара немесе басқа түсті болуы мүмкін. Мысал ретінде ақ ұнтақ деп аталатын кең тараған ауру түрін аатуға болады. Бұл ауруға шалдыққан өсімдік мүшелерінің бетінде ақ немесе сәл қызғылттау өңез пайда болады.

Бөртпелер - саңырауқұлақтар қоздыратын, оның ішінде негізінен тат ауруларына тән белгі. Бөртпелер - саңырауқұлақ спораларынан тұратын, пішіні сопақша келген өсімдік бетінде пайда болатын түзілім. Олар өсімдік ұлпасының бойында түзіліп, басында беті эпидермиспен жабылып тұрады. Кейін эпидермис жарылады. Өсімдіктің вегетациясы кезінде тат ауруының бөртпелерінің түсі сары, сарғылт қызыл, сарғылт қоңыр, қоңыр және тат түсті болады. Сондықтан да бұл ауру тат ауру деп аталады.

Шіріктер - көбінесе суы және қор заттары мол өсімдік мүшелері: жемістер, тамыр-жемістер, түйнектер, пиязшықтар, жапырақты сабақтар

залалданады. Шіріктер демді (сулы) және құрғақ болып екіге бөлінеді. Демді шіріктер негізінен бактериялар қоздыратын немесе қоршаған ортаның кейбір факторларының әсерінен болады, ал құрғақ шірік патогенді саңырауқұлақтар әрекетінің нәтижесінде пайда болады.

Ісіктер немесе өсімділер - өсімдіктің кей мүшелерінің бойында ауру қоздырғыш микроорганизмдердің, сондай-ақ кейбір абиотикалық факторлардың әсерінен пайда болатын ауру белгісі. Ісіктер өсімдік мүшелерінің бетінде кейбір клеткаларының көлемі ұлғаюынан немесе клеткалардың шамадан тыс көп түзілуінің нәтижесінде пайда болады. Ісіктер картоптың рак, қырыққабаттың кила, қызылша тамыржемісінің рак ауруы және басқа да дақылдардың ауруларына тән.

Деформациялану (өсімдік мүшелерінің пішінінің өзгеруі) – вирустар, микоплазмалар, саңырауқұлақтар және абиотикалық факторлар әсерінен өсімдіктің кейбір мүшелерінің, кейде тұтас өсімдік азасының пішінінің өзгеру белгісі. Бұл қатарда жапырақ алақанының пішінінің өзгеруі жиі кездесетінін атауға болады. Сабақтар деформациясының қатарына шамадан тыс, көптеген ұсақ, жіңішке бұтақтар түзе бұтақтануы жатады. Гүлдер мен жемістер деформацияланғанда олардың пішіні және қасиеттері өзгеріп, кейде тұқым түзілмейді немесе түзілетінін тұқымы сапасыз болады.

Мумификациялану немесе кебу – залалданған өсімдік мүшесінің бойын тұтасымен саңырауқұлақ жіпшелері басып алып, кептіруі. Мумификациялану әдетте өсімдік жемістері мен тұқымдарына тән.

Өсімдіктер мүшелерінің ыдырап ұнтақталуы. Бұл ауру түрі «қаракүйе» деп аталады. Аурудың қоздырғышы – саңырауқұлақ. Тозанды қара күйе дертіне шалдыққанда түзілетін ұнтақ ауру қоздырғыш саңырауқұлақтардың споралары. Бұл ауру көбіне дәнді дақылдарға тән.

Өсімдік мүшелерінің реңінің өзгеруі. Бұл ауру белгісі өсімдіктердің минералды қоректенуінің бұзылуының немесе вирустаардың зақымдануының нәтижесінде пайда болады. Жапырақ реңінің өзгеруі жиі кездеседі. Ол хлорофилл дәндерінің ыдырауынан болады. Бұл құбылыс біркелкі жүрмейді, нәтижесінде жапырақ алақанының бетінде теңбіл дақтар пайда болады. Сондықтан вирустар қоздыратын бұл ауру теңбіл немесе мозаикаауруы деп аталады.

Көзбен қарап ауруды дұрысанықтау үшін залалданған өсімдіктерді көп мөлшерде зерттеу қажет, тек осылай еткен жағдайда ғана аурудың даму динамикасын бақылау арқылы аурудың даму динамикасын бақылау арқылы аурудың туындау себебін анықтап, дұрыс диагностика жасауға болады [19].

## **1.5 Этилендиамин-диянтарь қышқылының құрылымы мен қасиеттері**

Этилендиамин-диянтарь қышқылы (ЭДДЯ) – аминополикарбон қышқылы. Бұл қазіргі уақытта көптеген қосымшаларда кең ауқымда

қолданылатын этилендиамин-тетрасірке қышқылына (ЭДТА) биологиялық ыдырайтын балама ұсына алатын хелаттандырушы агент ретінде пайдаланылатын түссіз қатты зат.

ЭДДЯ қышқылы екі хиральды орталық және үш стереоизомерлер бар. Бұл энантиомерлі (R,R) және (S,S) изомерлер және ахиралдық мезо (R,S) изомерлер. ЭДТА үшін биологиялық ыдырайтын алмастырғыш ретінде тек (S,S) стереоизомері қызығушылық тудырады. (R,S) және (R,R) стереоизомерлер биологиялық ыдырайтын аз, ал (S,S) стереоизомерлер тіпті қатты ластанған топырақта да өте тиімді биоыдырайтыны көрсетілген[23].




### 1.6 Этилендиаминдиянтарь қышқылының қолданылуы

(S,S)-ЭДДЯ – бұл ЭДТА-ға балама ұсынатын биоыдырайтын хелат агенті, оның 80 миллион килограммы жыл сайын өндіріледі. Табиғи жағдайларда ЭДТА этилендиамин-тетрасірке қышқылына айналады, содан кейін дикетопиперазинге айналады, ол қоршаған ортада тұрақты органикалық ластаушы ретінде жиналады. (S,S) – ЭДДЯ жуғыш және косметикалық құрамдарда биоыдырайтын хелатор және тұрақтандырушы агент ретінде коммерциялық түрде әзірленеді. ЭДДЯ топырақты химиялық күшейтілген рекультивацияда шамадан тыс жағдайда қолданғанда, ауыр металдар үшін жоғары экстракция тиімділігіне қол жеткізуге болады және экстракция мөлшері ЭДДЯ дозасына тәуелді емес. Екінші жағынан, үздіксіз шаюды қамтитын топырақты қалпына келтіру кезінде металды алу көбінесе ЭДДЯ мөлшерімен шектеледі. ЭДДЯ тапшылығы кезінде ауыр металдардың бастапқы іріктелмейтін экстракциясы, одан кейін ауыр металдардың алмасуы және ЭДДЯ қышқылымен тұрақтылық константасы төмен ауыр металдардың қайта адсорбциясы байқалды[20].

## 2 ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ

### 2.1 Зерттеуде қолданылған материалдар

|                                |                                                                                                                           |
|--------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Бір реттік пластмасса ыдыстары |                                         |
| Мензуркалар                    |                                          |
| Дозатор                        |                                        |
| Аналитикалық таразы            |                                        |
| Магниттік араластырғыш         | <p>861431019999-B<br/>FULL BUNDLE</p>  |

|                                         |                                                                                      |
|-----------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| Микроскоп                               |    |
| Кондуктометр                            |    |
| Этилендиаминдиянтарь қышқылы            |   |
| Күміс нитраты                           |  |
| Соя бұршағы (Нұр, Прогресс және Ультра) |  |
| Топырақ (жер топырақ және грунт)        |  |

1 сурет – Зертханада пайдаланылған материалдар

## 2.2 Зерттеу әдістері

Дипломдық жұмыс келесі зерттеулерді қолдана отырып орындалды: Теориялық зерттеулер Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханаларында жүргізілді, сондай-ақ ғаламтор ресурсы пайдаланылды. Теориялық зерттеулер жүргізу барысында 56 әдебиет зерттелді.

Дипломдық жұмыстары: Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Технопарк аумағында орналасқан зертханасында жүргізілді. Зерттеу технологиясы нормативтік құжаттарды, ғылыми-әдістемелік және оқу әдебиеттерін қолдануға негізделген.

Соя бұршағын екі түрлі әдіс бойынша зерттеу жүргіздік:

1) Рулондық әдіс;

2) Топыраққа егу әдісі (жер топырақ және грунт).

*Топырақ және өңдеу.* Зерттеуде пайдаланылған топырақ Талғар ауданы, Талдыбұлақ ауылы, Мұханова 36 а үйдің бақша алқаптарынан 0-20 см тереңдіктен жиналды (ендік: 42° 24' солтүстік ендік және бойлық: 72° 60' шығыс бойлық). Жинап алынған топырақты ауада кептіріп, тастар мен өсімдік қалдықтарынан тазаланып, топырақ елеуіштен өткізілді.

Келесі пайдаланылған топырағымыз дүкеннен алынған арнайы өсімдіктерге арналған топырақ («Royal Garden» Грунт для цветов универсальный). Құрамында: азот ( $\text{NH}_4 + \text{NO}_3$ )- 70 мг/л -ден кем емес, фосфор ( $\text{P}_2\text{O}_5$ )- 350 мг/л-ден кем емес, калий ( $\text{K}_2\text{O}$ )- 370 мг/л-ден кем емес заттар бар және pH-7.

*Ерітінділерді дайындау.* Бастапқыда 10мл  $\text{C}_{10}\text{H}_{16}\text{N}_2\text{O}_8$  ерітіндісін 1000 мл дистерленген сумен араластырып жасадым. Бірақ бұл концентрациямен жасаған тәжірибемнің нәтижесі дұрыс шықпады. Кейін, 0,1мл  $\text{C}_{10}\text{H}_{16}\text{N}_2\text{O}_8$  ерітіндіні 1000мл дистерленген сумен араластырамыз. 0,17 гр  $\text{AgNO}_3$  аналитикалық таразыда өлшеп алып, 1000 мл дистерленген суда ерітеміз. Осымен біздің ерітіндіміз дайын. Екеуін 1:1 араластырып, соя бұршақтарын суарамыз.

Оңтүстік-шығыс өңірінің соя дақылы «Glycine» жаңасортының өсіп-даму динамикасын, фитопатологиясын анықтаудың әдістері:

